

Жүздіктермен, ондықтармен  
және бірліктермен санау



## ЖҮЗДІКТЕРМЕН, ОНДЫҚТАРМЕН ЖӘНЕ БІРЛІКТЕРМЕН САНАУ

1. Мынадай сандарды ата: 9 бірл.; 9 онд.; 9 жүзд.; 6 бірл.; 6 онд.; 6 жүзд.; 0 жүзд. 8 онд. 0 бірл.; 0 жүзд. 0 онд. 8 бірл.; 10 бірл.; 10 онд.; 10 жүзд.

2. 

1	2	3	4	5	6	7	8	9
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Әр бағандағы сандардың аталуын және жазылуын салыстыр.

3. 

100	200	300	400	500	600	700	800	900
10	20	30	40	50	60	70	80	90

Әр бағандағы сандардың аталуын және жазылуын салыстыр.

4. 

100	200	300	400	500	600	700	800	900
10	20	30	40	50	60	70	80	90
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Әр жолдағы сандарды ата. Әр бағандағы сандарды салыстыр. Әр бағандағы сандардан қандай үш таңбалы сандар құрастыруға болады? Сол сандарды жаз. Әр санның жүздіктерін, ондықтарын және бірліктерін ата.


5. Қайсысы есеп? Оны шығар.

Мұғалім  $\square$  дәптер тексерді. Оның 38-і орыс тілі, 49-ы математика дәптері. Ал қалғандары дүниетану дәптерлері. Мұғалім неше дүниетану дәптерін тексерді?

Кеше мұғалім 42 дәптер тексерді. Бүгін одан 8 дәптер артық тексерді. Екі күнде мұғалім неше дәптер тексерді?

Тапсырманы есепке айналдыр және оны шығар.

6.



Суретте барлығы неше ойыншық бар? Осы ойыншықтарды екі балдырғанға тең бөліп бер. Әр балдырған неше ойыншық алды? Сол ойыншықтарды балдырғандарға 2-ден бөліп бер. Неше балдырған ойыншық алды?



7. Балдырған тік төртбұрыш сызды. Әр қабырғасы одан 1 см ұзын өз тік төртбұрышыңды сыз. Оның периметрін тап.





Балапанға көмектес:

$$(13 \ominus 6) \ominus \square = 3.$$

Кел, ойнайык!

«Жасырынған санды тап».

Handwritten numbers above the circles: 13, 28, 32

$$6 + 7 + 13 - 9 + 15 - 7 = 25$$

Handwritten numbers above the circles: 2, 29

$$8 + 4 + 27 - 10 + 16 - 4 = 41$$

1)